

6D011300-Биология мамандығы бойынша Анаркулова Эльмира Избасаровнаның «Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Анаркулова Эльмира Избасаровнаның ұсынып отырған диссертациялық жұмысының өзектілігіне келетін болсақ қазіргі кезеңдегі Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісі жүйесінде лайықты орын алуға бағдарлануы елдің инновациялық даму міндеттерін шеше алатын, экономика мен қоғамның қазіргі ғана емес, сонымен бірге дамушылық қажеттіліктерін ескеретін мамандарды дайындауды талап етеді. Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің түлектері туындаған проблемалардың жаңа шешімдерін табуға, жаңа міндеттер қоюға және шешуге мүмкіндік беретін құзыреттерге ие болуы керек. Осыған орай, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту мәселесі болашақ мамандарға қойылатын аса маңызды талаптардың қатарына қосылады. Олай болса, болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің өзіндік сипатқа тән ерекшелігін айқындала түседі. Осыған байланысты олардың педагогикалық үдерісті ғылыми негізде жобалау мен жүзеге асыруды қайта қарау мен меңгеруге бағытталған жаңа білімді зерделеу қажет етіледі. Бұл өз кезегінде болашақ биолог маманның де келешек кәсіби іс-әрекетінде жаңа жетістіктерге қол жеткізуі олардың зерттеушілік құзыреттілігінен талап етілетіндігін тағыда дәлелдей түсетіндігі айтылады.

Диссертант зерттеу жұмысында отандық және шетелдік биолог-әдіскер ғалымадардың еңбектеріне талдау жасап, адам денсаулығына зиян келтіруі және мал мен ауыл шаруашылығында экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін жаңа вирустарды анықтау және биоинформатикалық талдау негізінде зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мазмұны анықталып, зерттеу нәтижесі оқу үдерісіне зерттеушілік құзыреттілікті мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған әдістеме ұсынылып, тиімділі дәлелденген.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығына келетін болсақ, Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру нәтижелері бойынша патент алынып, нәтижесі бойынша зерттеушілік мазмұндағы тапсырмалары, студенттердің шығармашылық және зерттеуге арналған жобалық жұмыстардың дидактикалық негіздемесі дайындап, оның нәтижесінде «Микробиология және биотехнология» атты элективті курсының жұмыс оқу бағдарламасын, оқу-әдістемелік кешені мен оқу-әдістемелік құрал даярлап, оқу үдерісіне енгізді.

Э.И. Анаркулова 6D011300 -Биология мамандығы бойынша «Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының бөлімдері бір-бірімен логикалық байланыста жазылған, зерттеу жұмысында алынған ғылыми

нәтижелер дара, және рәсімделу талаптары толық ескерілген.

Осы орындалған жұмыстың қазіргі уақытта өзекті мәселеге арналып отырғандығын айта келе, диссертациялық жұмыстың орындалуын ғылыми кеңесші ретінде өте жоғары бағалай отырып, докторант Анаркулова Эльмира Избасаровнаның диссертациялық жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған Диссертациялық кеңесі қорғауға лайықты деп пікір беремін.

**Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
PhD доктор, қауымдас. профессор м.а**



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» ҚЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАБЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «ҚазНПУ им Абая»
М.Б.Аманбаева